

“Зерде” ашық акционерлік қоғамының  
жалпы жыналысында хаттама  
N 1 2000ж. “15” 0.8  
“БЕКІТІЛДІ”

2000 25 08  
34938-1910-2к

25 08 2000  
34938-1910-70

**“Зерде”**  
ашық акционерлік қоғамының  
**ЖАРҒЫСЫ**

СМОТРИ НА ОБРОТЕ

## **1 бап. Қоғамның атауы**

1.1 Қоғамның мемлекеттік тілдегі атауы:

“Зерде” ашық акционерлік қоғамы

Қоғамның орыс тіліндегі атауы: Открытое акционерное общество “Зерде”

1.2. “Мемір” ААҚ мекен жайы: Алматы қаласы Гогль көшесі, 111А үй

1.3 Қоғамның қызметінің мерзімі - шектеусіз.

1.4 Меншік түрі - жеке меншік.

## **2 бап. Қоғамның заңды статусы.**

2.1. Қазақстан Республикасы заңдарына сәйкес қоғам заңды тұлға болып табылады.

2.2 Қоғамның қаржылық және өндірістік қызметі шаруашылық өзін-өзі басқару принципімен жүргізіледі.

Қоғамның дербес балансы, банкілік есепшоты өзінің атауымен дөңгелек мөрі, эмблемасы, фирмалық бланкісі басқа да реквизиттері болады, банкілерде есеп-шот, валюталық және басқада шоттар ашуға құқылы.

Қазақстан Республикасының пайдаланып жүрген заңдарына сәйкес қорғауға және күзетуге тиіс, қоғамның директорлар кеңесі үлгісін белгілеген өзінің рәмізін, тауарлық белгісін пайдалануға құқылы.

2.3 Қоғам өзінің меншігінде жеке мүлкі болады және осы мүлікпен өзінің жауапкершіліктері бойынша жауап береді, өзінің атынан мүлктік және жеке мүлктік емес құқықтар мен міндеттер атқаруға, сотта талапкер және жауапкер бола алады.

2.4 Акционерлер қоғамның міндеттері бойынша жауап бермейді және қоғамның қызметтеріне байланысты акцияның құны шенберінде шығынды көтеруге жауапты болады.

Қоғамның мүлкі оның акционерлерінің мүлкінен жеке дара.

Қоғам өзінің акционерлерінің мүлктік міндеттері бойынша жауап бермейды.

## **3 бап. Қоғамның қызметі мен мақсаты**

3.1 Қоғамның міндеті ең мейілінше үлкен пайда табу.

3.2 Қоғамның қызметінің мәні бағалы қағаздар саудасындағы кәсіптік қызмет болып табылады:

3.3 Қоғам өзінің қызметін жүзеге асыру үшін төмендейдей міндеттерді орындайды атқарады

- бағалы қағаздармен жасалған мәмілені және қағаздардың факторларын тіркеу;
  - бағалы қағаздарды иеленушіні бағалы қағаздарға құқығын анықтау;
  - бағалы қағаздарды иеленушілердің ррестрты сақтау және жүргізу, жинау, беленген мерзімге тзімдеу;
  - реестрде тіркелген бағалы қағаз иеленулерте ақпараттық хабар, және эмиссия жүргізуші мекеме эмитент тапсырмасымен мәнметтер тарату;
  - бағалы қағаздардың ойналымдағы көлетнің және эмиссияга тіркелгендерінің сәйкестігіне бақылау жүргізу;
  - заңдарда белгіленген тәртіппен эмитенттің шешімен бағалы қағаздармен глобильді толық операцияларды орындау;
  - Қазақстан Республикасы заңдарына қайшы келмейтін және эмитенттермен шартта көрсетілген қызмет көрсету;
  - депозитте қысқа мерзімге және ұзақ мерзімге қаржылық салымдар салу, өндірістер банктер, сақтандыру компаниялары және т.б. заңды тұлғалардың жарғылық капиталын қалыптастыруға қатысу
- Қазақстан Республикасының заңдарына қайшы келмейтін басқадай міндеттер.

#### **4 бап. Қоғамның акционерлері.**

4.1 Қоғамның акционерлері жеке тұлғалар және заңды тұлғалар болып табылады, олар ( акционерлердің реестрінде көрсетілген).

#### **5 бап. Қоғамның мүлкі, жәрияланған жарғылық капиталы**

5.1 Қоғам меншік иесі болып табылады.

- оны құрғанда қатысушының берген мүлкінен, және де оның әрі қарай қызметінен;  
- қоғамның қаржылық қызметінің нәтижесінен алған пайдасы, және Қазақстан Республикасының заңдарымен ұрықсат етілген басқа негіздермен алынған мүлікпен және қаржыдан.

5.2 Қоғамның жарияланған акцияларының мөлшері 75 000 000тенге.

5.3 Қоғам акциялар шығарады, олар қоғамның құнды қағаздары болып табылады, оның төмендегідей түрлері және категориясы болады:

5.3.1 Жай акциялар саны 75 000 000 дана номиналдық құны 1 теңге. Акционерлердің жалпы жиналысында қаралған мәселелер бойынша, әрбір жәй акция бір даустық құқық береді.

Жәй акциялардың иеленушілеріне берілетін құқық, Заң талаптарына сәйкес анықталады.

5.3.2 Директорлар кеңесінің шешімімен, акцияға төлем ретінде қабылданатын мүліктің түріне шек келтірілуі мүмкін.

5.4 Қоғам жарияланған жарғылық капиталдың мөлшерін өзгертуге құқылы.

Акционерлердің жалпы жиналысын шешімімен қоғамның жарғылық капиталын көбейту шығаруға жарияланған акцияларды толық орналастырғаннан және төлегеннен кейін рұқсат етіледі.

Қоғамның жарияланған жарғылық капиталы жарияланған және шығарылған (төлеген) капиталдың арасындағы айырманың сомасында азайтылуы мүмкін.

Қоғамның жарияланған жарғылық капиталын азайту туралы шешім жарғылық капиталды көбейту туралы шешім сияқты тәртіппен қабылданады.

Жарияланған жарғылық капиталды Қазақстан Республикасының “Акционерлік қоғамдар туралы” Заңында белгіленген ең төменгі мөлшерден кемітуге жол берілмейді.

Жарғылық капиталды кемітуге тек қоғамның барлық несие берушілерін ол туралы отыз күннен асырмай баспасөз басылымында хабарландыру жариялау жолымен құлақтандырғаннан кейін ғана жол беріледі.

5.5 Қоғамның резервтік капиталын құру және пайдалану.

5.5.1 Қоғам резервтік капитал құрады, оның мөлшері жарғылық капитал мөлшерінің 15% құрады.

5.5.2 Қоғам мемлекеттік тіркеу өткеннен кейін екі жыл ішінде резервтік капиталды құруға міндетті.

5.5.3 Қоғамның резервтік капиталы қоғамның таза пайдасынан жыл сайын аударымдар жасау арқылы құрылады. Жыл сайынғы аударымдар қоғамның акционерлерінің жалпы жиналысымен бекітіледі.

#### **6 бап. Қоғамның құнды қағаздары**

6.1 Құнды қағаздарды шығару тәртібі, орналастыру және олармен есеп айрышысу Қазақстан Республикасының “Акционерлік қоғамдар туралы” Заңына және құнды қағаздар туралы басқада заңдарға сәйкес анықталады

6.2 Қоғам акциядан басқа облигация шығара алады.

6.3 Акция - қоғам шығаратын құнды қағаз болып табылады ол акционерлердің төмендегідей құқығын растайды:

- дивиденттер алуға;
- қоғамды басқаруға қатысуға;
- қоғам таратылғаннан кейін оның қалған мүліктерінің бір бөлігіне.

Акция бөлінбейді. Егер акцияны бірнеше тұлға сатып алса, олардың бәрі қоғамға қатысты бір акционер болып танылады, өз құқықтарын ортақ өкіл арқылы жүзеге асырады.

6.4 Қоғамның акцияларын төлеуге ақша, қоғамның директорлар кеңесінің рұқсатымен мүліктік құқықтар, жерді пайдалану құқығы, интеллектуалдық қызмет нәтижесіне құқықтар және өзге де мүлік енгізілуі мүмкін.

Акцияларды бағалы қағаздармен төлеуге соңғылардың бағалы қағаздардың ұйымдасқан рыногында белгіленетін құны бойынша ғана жол беріледі.

Қоғамның директорлар кеңесінің шешімі бойынша ақшадан басқа, акцияларды төлеу үшін енгізілетін өзге де мүлік оның ағымдағы нарықтық құны ескеріле отырып, ақшамен бағаланады. Қоғам осы мүлікті бағалау туралы шешімді оның құны белгіленген негіздерді көрсетуге міндетті. Акциялар үшін ақы төлеуге енгізелін салымды, оның бағасын тәуелсіз аудитор растауға тиіс.

6.5 Акциялар үшін төлем ретінде мүлікті пайдалану құқығы берілген жағдайларда бұл төлемнің мөлшері осы мүлікті қоғамның бүкіл пайдалану мерзімі үшін есептелген пайдалану ақысымен айқындалады.

Пайдалану құқығы қоғамның акциялары үшін ақы төлеу болатын мүлікті акционерлердің жалпы жиналысының келісімінсіз мерзімінен бұрын алып қоюға жол берілмейді.

6.6 Қоғамның акциялары құрылтайшылар арасында олардың атаулы құны бойынша орналастырылады.

6.7 Толық төленбеген акциялар мен қоғам сатып алған акциялардың дауыс беру құқығы болмайды және олар бойынша дивиденттер төленбейді.

6.8 Қоғамның бағалы қағаздары - құжатсыз нысанда шығарылады.

6.9 Қоғамның акцияларынан басқа бағалы қағаздарын ұстаушылардың тізілімін жасақтауды, жүргізуді және сақтауды тәуелсіз тіркеуші жүзеге асырады.

6.10 Қоғамның шығарылған акцияларды сатып алуы акцияларды қайта бөлу не жою мақсатында жүргізіледі. Қоғамның акциялары оның акционерлерінің ішінде сатылады.

Қоғамның шығарылған акцияларды сатып алуы оның атқарушы органының шешімімен жүргізіледі. Шешімде сатып алынатын акциялардың саны, олардың түрлері мен санаттары, сатып алу бағасы мен төлеу мерзімдері көрсетілуге тиіс.

Қоғам шығарылған акцияларды Қазақстан Республикасының "Акционерлік қоғамдар туралы" Заңына сәйкес сатып алады.

6.11 Қоғам жалпы жиналысының шешімі бойынша қоғамның бұдан кейінгі қызметі үшін қаражат тарту мақсатында облигациялар шығаруға хақылы. Облигациялардың меншік иелеріне, қоғамды басқаруға қатысу құқықтары берілмейді.

Облигацияларды шығару тәртібі Қазақстан Республикасы бағалы қағаздар рыногы туралы заңдармен реттеледі.

6.12 Облигацияның номиналдық құны Қазақстан Республикасының ұлттық валютасында және шетелдік валютада анықталады.

Атаулы құны шетелдік валютамен белгіленген облигацияларды төлеу Қазақстан Республикасының валюталық заңдарына сәйкес жүргізіледі.

6.13 Облигациялар эмиссиясы бағалы қағаздар рыногы туралы заңдарда белгіленген тәртіппен мемлекеттік тіркелуге тиіс.

6.14 Облигациялар бойынша сыйақылар (мүддені) төлеу және облигацияларды өтеу мүмкін болатын облигациялар шығарылымы шарттарын өзгертуге құқығы жоқ.

6.15 Қоғамның шығарылған акциялары мен облигациялары Қазақстан Республикасының заңдарында анықталған тәртіппен кепілге салынуы мүмкін.

Егер кепілге салу шарттарында өзгеше көзделмесе, акционердің өзі кепілге салған акциялар бойынша дивиденттер алуға да, дауыс беруге де құқығы бар.

6.16 Қоғам өзі шығарған құнды қағаздарды төмендегі шартты сақтаған жағдайда кепілге алуы мүмкін:

- кепілге берілетін бағалы қағаздарға толық ақы төленген;
- қоғамның кепілге беретін және онда кепілде жатқан бағалы қағаздардың жалпы саны қоғамның шығарылған(төленген) жарғылық капиталының он процентінен аспайтын мөлшерін құраған;

- кепіл шартын акционерлердің жалпы жиналысы мақұлдаған жағдайда

6.17 Қоғам шығарған және онда кепілде жатқан акциялар акционерлердің жалпы жиналысының кворумын анықтау кезінде есепке алынбайды және акционерлердің жалпы жиналысының шешімдер қабылдауына қатыспайды.

6.18 Қоғам акционерлерінің жалпы жиналысының шешімі бойынша қоғам өзінің бұрын шығарылған акцияларын бөлшектеуге (сплит) не топтастыруға хақылы. Акцияларды бөлшектеу (сплит) немесе топтастыру қоғамның шағарылған (төленген) жарғылық капиталының мөлшерін өзгертуге әкеп соқтырмауға тиіс.

6.19 Акцияларды бөлшектеу (сплит) олардың атаулы құнын сайма-сай кемітумен бір мезгілде, шығарылған акциялардың жалпы санын көбейту жолымен жүргізіледі.

6.20 Акцияларды топтастыру олардың атаулы құнын сайма-сай көбейтумен бірге, бір мезгілде, акциялардың жалпы санын кеміту жолымен жүргізіледі.

## 7 бап. Қоғамның таза пайдасы.

7.1 Қоғамның шаруашылық қызметінен түскен пайда, пайдаланып жүрген заңдарға сәйкес салық төлегеннен кейін қоғамның меншігінде қалады, және қорлар құруға, акциялар бойынша дивидендтер төлеуге пайдаланылады.

7.2 Қоғам акционерлерінің жалпы жиналысының шешіміне сәйкес жылдық қаржылық есепті бекіткеннен кейін сыйақы төлейді.

7.3 Қоғам таза пайдадан құрады:

- жинақтау қорын;
- тұтыну қорын;
- дивидендтер төлеу қорын;
- Қоғамның қызметіне қажет басқа қорлар.

Қорларды құру және пайдалану акционерлердің жалпы жиналысымен анықталады, ол қорлар туралы Ережемен бекітіледі.

7.4 Қоғам акционерлерінің жалпы жиналысының шешіміне сәйкес қоғамның өз акционерлеріне оларға тиісілі акциялар бойынша төлейтін сыйақысы дивиденд болып табылады.

Дивидендтер ақшамен, сондай-ақ акционердің келісімімен сол қоғамның бағалы қағаздарымен төленеді.

Дивидендтердің бір акцияға есептегендегі мөлшерін, директорлар кеңесі белгілейді.

Қоғам дивидендтер төлеуді жыл қорытындысы бойынша жариялайды.

Дивидендтер төлеу туралы шешім:

- қоғамның акционерлер алдындағы дивидендтерді төлемегені үшін жауапкершілігі пайда болатын жариялау кезінен бастап дивидендтердің мөлшері мен дивидендтерді іс жүзінде төлеу күні туралы;
- дивидендтер алуға құқығы бар акционерлерді тіркеудің түпкілікті күні туралы;
- қоғамның жарғысына сәйкес белгіленген төлеу әдісі (қолма қол ақшамен немесе акционердің өтінішіне сәйкес аудару насанында) туралы ақпаратты қамтуға тиіс.

7.5 Дивидендтерге олар бойынша дивидендтер төлеудің ресми жарияланған күніне дейін отыз күннен кешіктірмей акциялар сатып алған тұлғалардың құқығы бар.

Акционер қоғам берешегінің пайда болған мерзіміне қарамастан алынбаған дивидендтерді төлеуді талап етуге хақылы.

Алынбаған дивидендтер бойынша сыйақы (мүдде) есептелмейді, қоғам айналысқа шағармаған немесе орналастырмаған, немесе сатып алмаған акциялар бойынша дивидендтер төленбейді.

## 8 бап. Қоғамның есебі

8.1 Қоғамның қаржы-шаруашылық қызметін бухгалтерлік есепке алуды жүргізу және қаржылық есеп беруінің тәртібі Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленеді.

8.2 Қоғамның президенті акционерлердің жалпы жиналысына талқылау және бекіту үшін жыл сайын қоғамның жылдық қаржылық есебін табыс етеді.

8.3 Жылдық қаржылық есепке қоғамның шаруашылық қызметі туралы есеп, сондай-ақ жылдық баланс және қоғамның табысы мен зияндары туралы есеп кіреді.

Қоғамның жылдық қаржылық есебіндегі мәліметтердің дұрыстығын қоғамның тексерушісі бекітеді.

8.4 Қоғамның жылдық қаржылық есебі акционерлердің жылдық жалпы жиналысыны өтетін күннен кемінде отыз күн бұрын қоғамның директорлар кеңесінде алдын ала бекітілуге тиіс. Қоғамның жылдық қаржылық есебін түпкілікті бекіту акционерлердің жылдық жалпы жиналысында жүргізіледі.

8.5 Қоғам жыл сайын баспасөз бетінде қоғамның пайдасымен залалдары туралы есепті жариялауға міндетті.

8.6 Қоғам Қазақстан Республикасының “Акционерлік қоғамдар туралы” Заңының 91 бабында көрсетілген тізімдегі құжаттарды атқару органдарының мекен жайында сақтауға міндетті.

## 9 бап. Қоғам акционерлерінің құқығы мен міндеттері

9.1 Қоғам акционерлері құқықты:

- Қазақстан Республикасының “Акционерлік қоғамдар туралы” заңымен және қоғамның жарғысында көзделген тәртіппен қоғамды басқаруға қатысуға;
- дивиденттер алуға;
- акционерлердің жалпы жиналысында немесе қоғамның жарғысында белгіленген тәртіппен қоғамның қызметі туралы ақпарат алуға, оның ішінде қоғамның қаржылық есебімен танысуға;
- тізілімді ұстаушыдан немесе бастапқы ұстаушыдан оның бағалы қағаздарға меншік құқығын растайтын көшірмелер алуға;
- қоғамның басқару органдары қабылдаған шешімдерге сот тәртібімен дау көтеруге;
- қоғамның органдары заң нормалары мен қоғам жарғысын бұзатын іс-әрекеттер жасаған жағдайда, өзінің құқықтары мен заңды мүдделерін қорғау үшін мемлекеттік органдарға жүгінуге;
- қоғамға оның қызметі туралы жазбаша сауал салуға және сауал қоғамға келіп түскен күннен бастап отыз күн ішінде дәлелді жауаптар алуға;
- қоғам тартылған жағдайда қалған мүліктің бір бөлігіне құқығы бар.

9.2 Қоғамның дауыс беретін акцияларының бес және одан да көп процентін иеленуші акционерлердің:

- қоғам акционерлерінің кезектеп тыс жалпы жиналысын шақыруға;
- қоғамның органдарына кандидатуралар ұсынуға;
- қоғам акционерлерінің жалпы жиналысында белгіленген тәртіппен қоғам акционерлері тізімінің көшірмесін алуға құқығы бар.

9.3 Қоғамның акционері міндетті:

- қоғамның құрылтай құжаттарында және осы Заңда көзделген тәртіппен акцияларды төлеуге;
- өзіне тиесілі акцияларды сату жөнінде ірі мәміле жасау ниеті туралы қоғамға хабарлауға;
- тізілімді ұстаушыға немесе осы акционерге тиесілі акцияларды атаулы ұстаушыға қоғамның акцияларын ұстаушылардың тізілімін жүргізуге қажетті мәліметтің өзгергендігін он күн ішінде хабарлауға;
- қоғамның коммерциялық құпия болып табылатын қызметі туралы мәліметтерді жария етпеуге міндетті.

## 10 бап. Акционерлік қоғамның органдары

10.1 Қоғамның органдары:

жоғары орган - акционерлердің жалпы жиналысы;  
басқару органы - директорлар кеңесі;  
атқарушы орган - Басқарма  
бақылаушы орган - ревизор.

## 11 бап. Акционерлердің жалпы жиналысы

11.1 Акционерлердің жалпы жиналысының айрықша құзыретіне мынадай мәселелер жатады:

- 1) қоғамның жарғысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу;
- 2) қоғамның үлгісін өзгеріті;
- 3) қоғамды ерікті түрде қайта құру және тарату;
- 4) қоғамның директорлар кеңесін сайлау, оның сандық құрамын белгілеу және оның мүшелерінің өкілеттіктерін мерзімімен бұрын тоқтату;
- 5) қоғамның жарияланған жарғылық капиталының мөлшерін өзгерті;
- 6) қоғамның тексеру комиссиясының мүшелерін (тексерушіні) сайлау және олардың өкілеттігін мерзімімен бұрын тоқтату;
- 7) осы Заңда көзделген жағдайларды қоспағанда, есеп комиссиясының құрамын бекіту;
- 8) қоғамның жылдық қаржылық есебін, қоғамның тексеру қорытындыларын бекіту;
- 9) егер қоғамның жарғысында акционерлерге қоғамның қызметі туралы ақпараттар беру тәртібі белгіленбесе, осындай тәртіпті, соның ішінде баспасөз басылымын айқындау.
- 10) акцияларды бөлшектеу (сплит) және топтастыру;
- 11) акциялардың құнын оларды қоғам бағалы қағаздар рыногы туралы заңдарға сәйкес сатып алу кезінде айқындау әдістемесін бекіту;
- 12) қоғамның таза табысын бөлу тәртібін;
- 13) жыл қорытындысы бойынша дивидендтер мөлшерін бекіту;
- 14) қоғамға тиесілі барлық активтердің жиырма бес және одан көп процентін құрайтын сомадағы активтердің бір бөлігін немесе бірнеше бөлігін беру арқылы өзге заңды тұлғаларды құруға немесе олардың қызметіне қоғамның қатысуы туралы шешім қабылдау;
- 15) ірі мәмілелерді және өзге де мәмілелерді осы Заңға сәйкес бекіту;
- 16) қоғамның облигацияларын және туынды бағалы қағаздарын шығару шарттары мен тәртібін;
- 17) қоғамның өз капиталы мөлшерінің жиырма бес және одан да көп процентін құрайтын сомаға қоғамның міндеттемелерін көбейту туралы шешім қабылдау;
- 18) лауазымды тұлғаларға, оның ішінде қоғамның директорлар кеңесі мүшелеріне төленетін сыйақының және (немесе) өтемақының мөлшерін бекіту;
- 19) қоғамның аудиторын бекіту;
- 20) қоғамның акционерлердің алда тұрған жалпы жиналысын шақыруды акционерлерге хабарлау “Егемен Қазақстан” баспасөз басылымында жариялау туралы шешім қабылдау;

11.2 Қоғам жыл сайын басқа жиналыстардан басқа акционерлердің жалпы жиналысын өткізуге міндетті.

Акционерлердің жалпы жиналысы:

- Президенттің есебін бекітеді, жылдық балансын, пайдасын және шығының;
- қоғамның Президенттің және басқада лауазымды адамдарын сайлайды;
- оның аудиторын тағайындайды және оның сыйақысын тағайындайды

11.3 Акционерлердің жылдық жиналыстан басқа жалпы жиналыстары кезектен тыс болып табылады.

Кезектен тыс жалпы жиналысы қоғамның, Президентімен, ревизормен не жиынтығынада қоғамның дауыс беретін акцияларының кемінде бес және одан да көп процентін иеленген акционерлердің бастамасы бойынша шақырылады.

11.4 Акционерлерге жалпы жиналысын өткізу туралы хабарлау ол “Егемен Қазақстан” баспасөз басылымында құлақтандыру жарияланған күнге дейін кемінде 30 күн бұрын жүзеге асырылады. Ескертуде жалпы жиналыс қарайтын мәселелер болуы керек. Жалпы жиналыс күн тәртібіне кіргізілмеген мәселелер бойынша шешім қабылдауға құқылы емес.

11.5 Акционердің жеке өзі немесе өкілі арқылы акциялармен толық есеп айырылғаннан кейін, жалпы жиналысқа қатысуға және дауыс беруге құқығы бар.

Акционерлердің өкілі ресімделген сенімхат негізінде іс-әрекет жасайды.

11.6 “Қоғамның бір акциясы-бір дауыс” принципі бойынша жүзеге асырылады.

Қоғамның қызметін тоқтату және қайта құрудан басқа мәселелер бойынша шешім жай көпшілік дауыспен қабылданады.

## 12 бап. Директорлар кеңесі

12.1 Қоғамның жарғысында белгіленген шектерде қоғамның директорлар кеңесінің айрықша құзыретіне мынадай мәселелер жатады:

- 1) қоғам қызметінің басым бағыттарын айқындау;
- 2) “Акционерлік қоғамдар туралы” Заңда көзделген жағдайларды қоспағанда, қоғам акционерлерінің жылдық және кезектен тыс жалпы жиналыстарын шақыру туралы шешім қабылдау;
- 3) акционерлердің жалпы жиналысының отырысын өткізбестен сырттай дауыс беруді жүргізу кезінде есеп комиссиясын құру;
- 4) акционерлердің жалпы жиналысының күн тәртібін бекіту;
- 5) жалпы жиналысқа қатысуға құқығы бар акционерлердің тізімін жасау күнін айқындау және акционерлердің жалпы жиналыстарын әзірлеу мен өткізуге байланысты басқа да мәселелер;
- 6) “Акционерлік қоғамдар туралы” Заңда көзделген мәселелерді акционерлердің жалпы жиналысының шешуіне ұсыну;
- 7) қоғамның шығарылған (төленген) капиталының мөлшерін азайту туралы және қоғам шығарған акцияларды, облигациялар мен өзге де бағалы қағаздарды “Акционерлік қоғамдар туралы” Заңда және өзге де заң актілерінде көзделген жағдайларда сатып алу туралы шешім қабылдау;
- 8) егер қоғамның жарғысында бұл мәселелер акционерлердің жалпы жиналысының құзыретіне жатқызылмаған болса, қоғамның атқарушы органын сайлау және оның өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтату, оған төленетін сыйақылар мен өтемақылардың мөлшерін белгілеу;
- 9) қоғамның тексеру комиссиясының мүлшеріне (тексерушіге) төленетін сыйақылардың мөлшерін белгілеу және тәуелсіз аудитордың қызметіне ақы төлеудің мөлшерін белгілеу;
- 10) Жартыжылдық қорытындылар бойынша дивидендтер төлеудің мөлшері, көздері мен тәртібі туралы шешім қабылдау;
- 11) таза табысты, резервтік капитал мен қоғамның өзге қорларының қаражатын пайдаланудың тәртібін айқындау;
- 12) қоғам қызметінің тәртібін айқындайтын қоғамның ішкі құжаттарын бекіту;
- 13) қоғамның филиалдары мен өкілдіктерін құру туралы шешім қабылдау;
- 14) “Акционерлік қоғамдар туралы” Заңда көзделген жағдайларды қоспағанда, қоғамның басқа ұйымдар құруға және олардың қызметтеріне қатысуы туралы шешімдер қабылдау;
- 15) “Акционерлік қоғамдар туралы” Заңда белгіленген тәртіппен ірі мәмілелер жасау туралы шешімдер қабылдау;
- 16) тәуелсіз тіркеушімен жасалған шартты бекіту;
- 17) құпия сипаттағы және қоғамның коммерциялық құпиясын құрайтын ақпаратты белгілеу.

18) “Акционерлік қоғамдар туралы” Заңда және қоғамның жарғысында көзделген, оның акционерлерінің жалпы жиналысының айрықша құзыретіне жатпайтын өзге де мәселелер.

12.2 Қоғамның директорлар кеңесінің айрықша құзыретіне жатқызылған мәселелерді қоғамның атқарушы органының шешуіне беруге болмайды.

### 13. Басқармасы

13.1 Қоғамның атқарушы органы- Басқармасы. Ол Қоғамның ағымдағы басшылығын жүргізеді. Президент Қоғамның мүлкіне Қазақстан Республикасының “Акционерлік қоғамдар туралы” заңына және Жарғысына байланысты басшылық етеді.

13.2 Президент болып акционер немесе Қоғамның акционер емес жұмысшысы сайлана алады.

13.3 Президенттің құзырына жатады:

1) Қоғамның акционерлерінің жалпы жиналысының, директорлар кеңесінің шешімін орындауға және қоғамның мақсатына жету үшін шешімдер қабылдауға;

2) Қоғамды қаржыландыру тәсілін шешу;

3) Қоғамның жұмысшыларының еңбек ақысын төлеу түрін және мөлшерін анықтау;

4) Қоғамның сметасының шығынын орындау;

5) Қазақстан Республикасының “Акционерлік қоғамдар туралы” Заңына және Жарғыға сәйкес ірі мәмлелер жасау туралы шешім қабылдауға;

6) штатты бекітуге;

7) Қоғамның барлық жұмысшылары орындауға міндетті бұйрықтар (қаулылар) шығарад. Қоғамның қызметіне байланысты акционерлердің жалпы жиналысына және директорлар кеңесінің құзырына жатпайтын басқа мәселелерді шешеді.

8) үшінші тұлғалармен қатыныста қоғамның атынан сенімхатсыз іс-қимыл жасайды;

9) қоғамның мүддесін білдіру құқығына сенімхат береді;

13.4 Қоғамның директорлар кеңесі кез келген уақытта Президентті қызметінен босатуға мүмкіншілігі бар.

13.5 Президенттің қызметінен босауы, оның қоғамға тигізген залалдарын өтеуінен босатпайды.

13.6 Президент директорлар кеңесімен 5 жыл мерзімге сайланады және ол шектеусіз мезгілге сайлана алады.

13.7 Қоғамның президентінің бұйрығын, қаулысын, ауызша нұсқауларын қоғамның жұмысшылары орындауға міндетті. Президент өзінің орынбасарларының компетенциясын жеке дара анықтайды.

13.8 Президент директорлар кеңесіне есеп береді. Филиалдар мен өкілеттіктердің басшыларын президент тағайындайды және оған есеп береді.

### 14 бап. Ревизор

14.1 Қоғамның шаруашылық және қаржылық қызметіне ағымдағы тексеру үшін акционерлердің арасынан немесе мамандық аудиторлардың (бухгалтерлер) ішінен ревизор сайланады.

14.2 Қоғамның жалпы жиналысымен ревизор 1 жыл мерзімге сайланды. Атқарушы органның қызметкері және директорлар кеңесінің мүшесі ревизор болып сайлана алмайды.

Ревизор басқа мерзімге қайта қайта сайлана алады.

14.3 Ревизор кез келген уақытта өзінің бастамасы бойынша, акционерлер жалпы жиналысының, тапсырмасы бойынша акционерлерінің талап етуі бойынша қоғамның атқарушы органының қызметіне тексеріс жүргізуге хақылы. Тексеру комиссиясы осы мақсат үшін қоғамның барлық құжаттарына сөзсіз қол жеткіз құқығына ие.

Ревизор қоғамның барлық құжаттарына кез келген уақытта еруге құқылы.

14.4 Ревизор қоғамның жылдық қаржы есептілігіне акционерлердің жалпы жиналысында бекітілгенге дейін міндетті түрде тексеріс жүргізеді.

Акционерлердің жалпы жиналысы жылдық есептілікті тексеру комиссиясының қорытындысынсыз бекітуге хақылы емес.

### **15 бап. Қоғамды қайта құру және тарқату**

15.1 Қоғамның қызметі төмендегідей жағдайларда тоқтатылады:

- қоғамның акционерлерінің қоғамды тарқату және қайта құру туралы шешіміне байланысты;
- егер соттың шешімі бойынша банкрот деп табылса;
- Қазақстан Республикасының пайдаланып жүрген заңдарына сәйкес басқа жағдайларме.

15.2 Қоғамды тарқату Қазақстан Республикасының “Акционерлік қоғамдар туралы” Заңына және республиканың басқада заң актілеріне сәйкес жүргізіледі.

15.3 Қоғамды қайта ұйымдастыру (біріктіру, қосу, бөлу, бөліп шығару, қайта құру) Қазақстан Ркспубликасының Азаматтық кодексіне сәйкес, осы Заңда белгіленген ерекшеліктерді есепке ала отырып жүзеге асырылады.

### **16 бап. Қорытынды ережелер**

17.1 Осы Жарғыға барлық өзгерістермен толықтырулар Қазақстан Республикасының “Акционерлік қоғамдар туралы” Заңына және республиканың басқада заң негіздерінде жүргізіледі.

17. Осы Жарғыда шешілмеген басқа сұрақтар бойынша, қоғам Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексін, “Акционерлік қоғамдар туралы” Қазақстан Республикасының Заңын басшылыққа алады.

“Зерде” ААҚ  
акционерлерінің өкілі  
басқармасының бастығы  
Президенті



Шалабаев А.Е.

**Утвержден**  
Общим собранием открытого акционерного  
общества "Зерде"  
Протокол № 1

"15" 08 2000 года

# **УСТАВ**

**открытого акционерного общества**

**“Зерде”**

## **Статья 1. Наименование общества.**

1.1. Наименование общества на государственном языке:

"Зерде" ашық акционерлік қоғамы

Сокращенное наименование: ААҚ "Зерде"

Наименование общества на русском языке:

Открытое акционерное общество "Зерде"

Сокращенное наименование ОАО "Зерде".

1.2. Место нахождения общества: г. Алматы, ул. Гоголя, 111А

1.3. Срок деятельности Общества - не ограничен.

1.4. Вид собственности - частный

## **Статья 2. Юридический статус общества.**

2.1. Общество является юридическим лицом и осуществляет свою деятельность на основании настоящего Устава и действующего законодательства Республики Казахстан.

2.2. Финансовая и производственная деятельность Общества осуществляется на принципах хозяйственной самостоятельности.

Общество имеет самостоятельный баланс, печать со своим наименованием на казахском и русском языках, штампы, фирменные бланки, вправе открывать расчетный, валютный и другие счета в банках.

Общество вправе иметь собственную символику, товарный знак, образцы которых утверждаются советом директоров общества и подлежат защите и охране в соответствии с действующим законодательством Республики Казахстан.

2.3. Общество имеет на праве собственности обособленное имущество и отвечает этим имуществом по своим обязательствам, может от своего имени приобретать и осуществлять имущественные и личные неимущественные права и обязанности, быть истцом и ответчиком в суде.

2.4. Акционеры Общества не отвечают по обязательствам Общества и несут риск убытков, связанных с деятельностью Общества, в пределах стоимости принадлежащих им акций.

Имущество Общества обособлено от имущества его Акционеров.

Общество не отвечает по имущественным обязательствам своих Акционеров.

## **Статья 3. Цели и предмет деятельности общества.**

3.1. Целью деятельности общества является извлечение дохода.

3.2. Предметом деятельности общества является профессиональная деятельность на рынке ценных бумаг.

3.3. Для осуществления своей деятельности Общество выполняет следующие функции:

- регистрация сделок с ценными бумагами и фактором обременения бумаг;
- подтверждение прав на ценные бумаги держателей ценных бумаг;
- фиксация на определенную дату, сбор, ведение и хранение реестров держателей ценных бумаг;
- рассылка по поручению эмитента извещений и информационных сообщений держателям ценных бумаг, зарегистрированных в реестре;
- осуществление контроля за соответствием объема ценных бумаг в обращении и зарегистрированными параметрами эмиссии;
